

Кімге: Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатына

Автор: Касентаева Алия Ахметкаримовна, Марқакөл ауданы
мәслихатының аппарат басшысы

Күні: 06.11.2024

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Жаңадан құрылған Марқакөл ауданындағы кадр тапшылығы мәселесі

Кілт сөздер: жарлық, патриотизм, урбанизация, әлеуметтік, мемлекеттік бағдарламалар

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

Кіріспе

2023 жылдың 28 желтоқсанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» №424 Жарлыққа қол қойды [1]. Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру - өте маңызды міндет. Біздің қоғамда еңбекқорлық пен кәсібилік сияқты қасиеттер жоғары бағалануы керек. Өз жұмысын жақсы білетін мамандар ұлтымыздың сапасын жақсартады. Сондықтан, жастарды кәсіби білім алуға, тәжірибе жинақтауға ынталандыруымыз қажет. Бұл-еліміздің дамуына, экономикамыздың өсуіне үлкен үлес қосады [2].

«Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлдi алқалаған, ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі-алтай жазы тау еркесі- киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдiң самалына сайран етіп жатқаны... [3] деп, өзіндік тарихы бар жаңадан Марқакөл ауданының құрылуы - бұл аймақтың дамуындағы жаңа кезең, тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық картасында маңызды орын алуға мүмкіндік береді. Осы жазбада Марқакөл ауданындағы кадр жетіспеушіліктен туындайтын, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретін маңызды мәселені талқылаймыз.

Білікті кадрлардың жетіспеушілігі, халық тығыздығының төмендігі, ауылдардың аудан және облыс орталықтарынан алыстығы, климаттық өзгерістер мен нашар көлік инфрақұрылымы халықтың көшуіне себеп

болып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін ауданның экономикалық әлеуетін арттырып, инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту қажет.

Бұл тақырыптың өзектілігі өте жоғары, себебі адамдардың ауданымызда қалып, өмір сүруі үшін жоғары сапалы қызметтер мен мүмкіндіктер болуы тиіс. Ауданның дамуы мен тұрғындардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін осы проблемаларды шешу маңызды.

Аналитикалық жазбаның мақсаты - кадр тапшылығының себептерін анықтау, оның әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеу және шешім жолдарын ұсыну.

Негізгі бөлім

Марқакөл ауданы облыс орталығы Өскемен қаласынан 400 км-дей қашықтықта, батысында Күршім, солтүстігінде Қатонқарағай, оңтүстігінде Зайсан аудандарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі.

1997 жылдан бастап аудан статусынан айырылғаннан кейін халықтың көпшілігі көшіп кетті. Аудандар біріккен 25 жыл ішінде мынадай тенденциялар байқалды:

1999 жылдан бастап Марқакөл ауданында 7 ауыл таратылды, халық саны 60,5%-ға немесе 11,2 мың адамға (*18,6 мың адамнан 7,4 мың адамға дейін*) азайды [4].

Бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауымен тығыз байланысты. Адамдар, соның ішінде жастар жұмыс пен перспектива болмауына, инфрақұрылымның дамымауына және тұрмыс сапасының төмендігіне байланысты аудан орталығына немесе қалаға кетті.

Егер жағдай осылайша жалғаса берсе, демографиялық дағдарыс тереңдей түсіп, бұл тек тұрғындардың ғана емес, өңірдің болашағына да қауіп төндіреді. Мемлекет басшысының шекаралық аймақты нығайту жөніндегі шешімі стратегиялық маңызды. Шекаралық аймақта тұратын әр тұрғынның өмір сүру сапасын арттыру ауданның перспективалық даму бағдарламасының басты талабы болып табылады.

«Шекара маңын бос қалдыру ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан, бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін үлкен қаржы қажет. Үкіметке шекаралас аймақтарды дамыту бойынша кешенді ұсыныстар әзірлеу міндеті жүктеледі» [5]. Осылайша, шекаралық аймақтарды нығайту арқылы халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту және өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

2023 жылғы 28 желтоқсандағы ҚР Президентінің №424 Жарлығымен 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Марқакөл ауданы

төртінші рет құрылып, Күршім ауданының құрамынан бөлініп шықты. Марқакөл ауданының шекарасы белгіленді (1-сурет).

Марқакөл ауданының аумағы 11 мың шаршы км, құрамында 23 ауылы бар 5 ауылдық округ бар, халқы 7,4 мың адам (2-сурет).

МАРҚАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНІСІ

1-сурет

Марқакөл ауданының орталығы – Марқакөл ауылы
Ауданның жалпы ауданы – 1102,9 мың га



2-сурет).

Халқы –7598 адам

№	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктің орталығы	Аумағы, мың га	Халық саны, мың адам
1.	Ақбұлақ ауылдық округі	Ақбұлақауылы	174,7	314
2.	Боран ауылдық округі	Боранауылы	179,6	1656
3.	Қалжыр ауылдық округі	Қалжырауылы	227,5	1523
4.	Марқакөл ауылдық округі	Марқакөлауылы	274,6	3316
5.	Төсқайың ауылдық округі	Төсқайыңауылы	246,5	789

Жергілікті атқарушы органдар құрылымы мәслихат сессиясының шешімімен бекітілді. Марқакөл ауданында ауданның атқарушы органына 69 штаттық бірлік бөлінген (аудан әкімінің аппаратында — 15, 6 дербес бөлімде — 30, 5 ауылдық округте — 24 штаттық бірлік), сондай-ақ аудандық мәслихат аппаратында — 6 штаттық бірлік бекітілген.

Аудандардың жаңа әкімшілік шекараларын қалыптастыру мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын білікті кадрлармен қамтамасыз етпейінше мақсатқа жете алмайды, өйткені

ауылдық округтер деңгейінде білікті де білікті мамандар жетіспейді. Сол себепті басқа жақтан келетін мамандарға жағдай жасау.

Жаңадан ашылған ауданға мамандарды тарту мақсатында 13 тұрғын үй сатып алуға қаржы өкімет тарапынан қарастырылған. Алайда, ауданға келетін мамандар санының ескерілуіне сәйкес, бұл сатып алынатын тұрғын үйлер тек 20 пайызын ғана қамтиды.

Мемлекет шекарадағы ауылдарды ұстап қалуға көп күш жұмсап келеді. Кейінгі жылдары халқы тығыз орналасқан оңтүстік облыстардан солтүстік пен шығыс аймаққа адамдарды көшіруге арналған бағдарламаны іске қосты. Халықты ауылда ұстап тұру мен сырттан көшіріп алып келу жоспарларының нәтиже ауыз су, интернет байланысы тәрізді адамға аса қажетті шаруаларды атқаруды былай қойғанда, табиғаттың мінезіне бейімделіп, мезгіл қиындықтарын еңсеру жағы да кедергі болып тұрғандай. Анығырақ айтқанда, Марқакөл өңірінде қыс қатал, қар қалың түседі. Ал жазда маса мен шіркей басып, аулаға аттап шығу мүмкін болмайды.

Кадрлардың жетіспеушілігі білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтер салаларында қызмет көрсету сапасының төмендеуіне алып келеді. Білікті мамандардың болмауы экономикалық дамуды тежеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсер етеді.

Сол себепті Марқакөл ауданы мәслихатының депутаттары тарапынан жоғарғы министрліктерге шекаралық аймақтарға мамандарды тарту үшін республикалық деңгейде шешуге жататын төмендегідей кешенді шараларды ұсынылған болатын.

1. Шығыс Қазақстан облысы субвенциялық аймақ болып табылатынын және облыстық бюджеттің мүмкіндіктері шектеулі екенін ескере отырып, төтенше климаттық жағдайлары бар Тұжырымдама шеңберінде әзірленген шалғайдағы шекаралық аудандардың тұрғындарына еңбекақыға үстемеақы және еңбек өтілін есептеудің арнайы нормативтерін енгізу мәселесін шешуді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылды;

Анықтама үшін: Қазақстан Республикасының Үкіметі жергілікті атқарушы органдарға жергілікті бюджет қаражаты есебінен шалғайдағы шекаралық ауылдық округтердің қызметкерлеріне қосымша ақы төлеу құқығын беруді ұсынады (2023 жылғы 17 қазандағы № 11-06/02-417-2 (54.59-т)).

Облыстық әкімдік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және ұлттық экономика министрлігіне Шығыс Қазақстан облысы бюджетінің қаржылық ресурстарының шектеулілігі және республикалық бюджеттен қаражат бөлу қажеттігі туралы ақпарат жолдады (2023 жылғы 14.желтоқсандағы No2/8404)

2. Шекаралық ауылдарға жұмыс істеуге келетін жас мамандарға берілетін жәрдемақыны 3 есеге арттыру (100 АЕК-тен 300 АЕК дейін);

3. Шекаралық аймақта бала туғанда берілетін әлеуметтік көмек пен ай сайынғы жәрдемақыны көбейту;

4. Аймақтың шекаралық елді мекендеріндегі инфрақұрылым саласындағы проблемалық мәселелердің жүйелік сипатын ескере отырып, олардың жеткіліксіз қаржыландырылуына байланысты, республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік инвестициялық жобаларға (сумен жабдықтау және су бұру, жол жөндеу және т.б.) шығыстардың лимиттерін арттыру және жеке бюджеттік бағдарлама ашу қажет;

5. Тұжырымдамаға «Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде шекаралық аумақтарда орналасқан ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік-мәдени және тұрғын үй-коммуналдық сала объектілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін *(ауылдардағы халық санының аз болуына байланысты)* қарастыру бойынша өзгерістер енгізу;

6. Шекаралық аудандардың шағын және орта бизнес субъектілеріне салық жеңілдіктері мен преференциялар беру;

7. Негізгі ұялы байланыс операторларының қызметтерімен үздіксіз қамту аймағын қамтамасыз ету, интернет қызметтерін кеңейту және барлық елді мекендерде талшықты-оптикалық желілерді салу.

Міне осындай ұсыныстар берілген. Оң шешім қабылданатынына сенеміз.

Сонымен бірге жаңадан ашылған бөлімдер мен басқармалардың филиалдарын орналастыратын қызметтік ғимараттар жеткіліксіз. Сол себептен жеке тұлғалардан ғимарат сатып алуға және бұрынғы әкімшілік ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындады.

Сондықтан ауданда күрделі жөндеу жүргізетін 10 ғимарат анықталды. Атап айтсақ олар: аудандық әкімшілік, бұрынғы Казпошта, бұрынғы сот, мәдениет үйі, мектеп-интернат-колледжі, мектеп, жергілікті полиция, бұрынғы қонақ үйі, бұрынғы прокуратура, дәрігерлік амбулатория ғимараттары.

Бүгінгі күні оның 8-і бойынша *(аудандық әкімшілік, бұрынғы Казпошта, бұрынғы сот, мәдениет үйі, мектеп-интернат-колледж, мектеп, жергілікті полиция, бұрынғы қонақ үйі)*. жобалық-сметалық құжаттамалары жасалып, сараптамадан өтті. Сараптама бойынша 8 ғимараттың күрделі жөндеуіне қажет ететін сома -2223,8 млн.теңгені құрады, олар:1) аудан әкімшіліктің ғимараты – 135,0 млн.теңге *(бұл ғимаратта –аудандық әкімшілік, аудандық мәслихат аппараттары, экономика және қаржы бөлімі, мемелкеттік архив орналасады);*

2) бұрынғы сот ғимараты - 60,0 млн.теңге;

3) бұрынғы Казпошта ғимараты - 523,8 млн.теңге *(3 қабатты пошта ғимараты жеке тұлғадан 29,0 млн.теңгеге сатып алынды, бұл ғимаратта: сәулет және құрылыс, тұрғын үй-шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, кәсіпкерлік,*

ауылшаруашылығы және зер қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, «Мансап» және аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, аумақтық ветеринарлық инспекция, ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің аумақтық инспекциясы, «Вет» КМК, қазынашылық, мемлекеттік кірістер және статистика, санэпидемстанция басқармалары орналастырылатын болады);

4) «Мектеп-интернат-колледжі» МКМ-нің ғимараты-269,8 млн.теңге (бұнда мүгедектігі бар балалар аумақтық орталығы орналастырылмақшы);

5) мектеп ғимараты - 318,2 млн.теңге (бұнда білім бөлімі және жастар ресурстық орталығы орналасады);

6) Мәдениет үйінің ғимараты -121,0 млн.теңге (бұнда ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі орналастырылатын болады);

7) жергілікті полиция бөлімінің ғимараты - 467,7 млн.тенге;

8) бұрынғы қонақ үйі ғимараты – 328,3 млн.теңге (бұнда ауылдық округ аппараты, «Азаматтарға арналған Үкімет» МЕАҚ орналастырылатын болады); (сатушының қаржылық тұрақтылық жағдайы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының талаптарына сай келмеуіне байланысты оны **бюджет қаражаты есебінен сатып алу мүмкіншілігі болмады.**

Ауданның қазіргі жағдайын ескере отырып, жаңадан құрылған Марқакөл ауданына кадр тарту мәселесінің жағымды жақтарына тоқталсақ: халық саны көбейіп, демографиялық жағдай жақсарады, жаңа кадрлар жергілікті экономикаға оң әсер етеді, жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, кәсіпкерлікті дамытуға ықпал жасайды, салық мөлшері көбейеді, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Әлсіз және қауіпті жақтарына тоқтасақ:

1. Халық санының азаюы: көші-қон, теріс табиғи өсім, қартаю, жастардың қалаға кетуі.

2. Инфрақұрылым мен тұрғын үйдің тозуы.

3. Әлеуметтік қызметтер мен интернетке қол жеткізу мәселелері.

4. Жұмыссыздықтың артуы.

5. Мектеп оқушыларының санының қысқаруы.

6. Жаңадан құрылған басқармалар мен бөлімдерді құру үшін қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің штатының қамтамасыз етілмеуі қауіп бар.

Сол себепті тәжірибелі мамандарды тарту үшін бәсекеге қабілетті жалақы, тұрғын үй, әлеуметтік пакеттер және карьерлік даму мүмкіндіктерін ұсыну қажет.

Қорытынды

Марқакөл ауданындағы кадр тарту мәселесі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды әсер етеді. Жаңа ауданның құрылуы, кадр тапшылығын шешу арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, экономикалық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді. Жастарды кәсіби білім алуға ынталандыру және оларға қолайлы жұмыс жағдайларын жасау – бұл ауданның дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар.

Дегенмен, инфрақұрылым мен әлеуметтік мәселелерді шешпей, білікті мамандарды тарту қиын болады. Халықтың көші-қоны, әлеуметтік қызметтердің және инфрақұрылымның төмен деңгейі – бұл проблемалардың негізгі себептері.

Сондықтан, мемлекет тарапынан тиімді қолдау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік пакеттерді жақсарту және карьерлік даму мүмкіндіктерін ұсыну қажет. Тек осындай шаралар арқылы Марқакөл ауданының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға болады.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін білікті мамандарды тарту ғана емес, тұрғындардың әлеуметтік қорғалуы мен инфрақұрылымның дамуы да маңызды. Сондықтан, мемлекеттен қажетті қолдау мен шаралар қажет, бұл ауданның болашағы үшін өте маңызды.

Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар

Біріншіден, Инфрақұрылымды дамыту: жолдарды, тұрғын үйлерді, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін жөндеу мен жаңарту;

Екіншіден, Мемлекеттік қолдау: мамандарға тұрғын үймен қамтамасыз ету, жалақыны көтеру, әлеуметтік пакеттерді жақсарту;

Үшіншіден, ауданның инфрақұрылымын жақсарту, соның ішінде жол, байланыс және қоғамдық қызметтерді дамыту. Адамдардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін сумен жабдықтау, жарықтандыру және интернетпен қамтамасыз ету қажет.

Төртіншіден, Жұмыссыздықпен күрес: жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етіп, жаңа жұмыс орындарын ашу.

Бесіншіден, Халықты ақпараттандыру: ауданның мүмкіндіктері мен артықшылықтарын насихаттау, тұрғындарды әлеуметтік және экономикалық бағдарламалар туралы хабардар ету.

Алтыншыдан: шетелдік тәжірибелерді зерттеп, оларды ауданның ерекшеліктеріне бейімдеу. Осы арқылы мамандарды тарту мен инфрақұрылымды дамытуда тиімді шешімдер қабылдау.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы Марқакөл ауданының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №424 Жарлығы.
2. 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек» роман. Алматы:Жазушы, 1989 ж. -520 бет
4. Бияров Б.Н. Күршім ауданының бөлінуі және Марқакөл ауданын құру бойынша ғылыми сараптама актісі // С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, 2023 ж
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысыныңдағы шекаралас аймақтарды дамыту жөніндегі ұсыныс // 2021 жылғы 16 қараша